

ЖАҢАЛЫҚТАР

Америкада республикашыл сенатор Линдси Грэм қайтыс болды

12 шілде 2026 жыл, 12:56



Линдси Грэм

Оңтүстік Каролина штатынан сенатқа сайланған америкалық сенатор Линдси Грэм 11 шілдеде қайтыс болды. Хабарламада оның кешке кенеттен аурудан қайтыс болғаны айтылған.

Statement from the Office of U.S. Senator Lindsey Graham (R-South Carolina).

pic.twitter.com/CQ5yVvqTH1

— Lindsey Graham (@LindseyGrahamSC) July 12, 2026

Сенатордың қайда қайтыс болғаны хабарламада айтылмаған. 10 шілдеде ғана Грэм Киевте болып, Украина басшысы Владимир Зеленскиймен кездескен еді. Ол өзге

жайттармен қатар Ақ үймен Ресейге қатысты санкцияны күшейту туралы заң жобасын келісе алғанын айтқан еді.

Линдси Грэм 71 жаста болған. Мамандығы бойынша заңгер әскерде болған, әскери прокурор қызметін атқарған, одан кейін саясатпен айналысты.

Грэм сенатқа алғаш рет 2002 жылы сайланған. Қырым аннексиясы және Украинада соғыс басталғанға дейін Владимир Путин басқаратын Ресеймен қатаң саясат жүргізуді қолдаған. Украинаны белсенді түрде қолдап, Киевке бірнеше рет барды. Украинаны қолдау және Мәскеуге санкция салу туралы заң жобаларын әзірлеуге үлес қосты.

2023 жылы Ресей ІІМ Грэмнің соғыс туралы сөзіне байланысты оған іздеу жариялады. Оны "ресейліктердің өлімі – АҚШ үшін ең жақсы инвестиция" дегені үшін айыптады, бірақ ол мұндай сөзді ешқашан айтпаған.

Бастапқыда Дональд Трамптың айқын сыншысы болған Грэм бірте-бірте сенаттағы президенттің жақтаушысына айналған. Грэм АҚШ-тың Иранға қарсы операциясын қолдап, Израильді қолдауды қуаттаған.

Айдар

ЖАҢАЛЫҚТАР

ЖАЛПЫ АРХИВ